

егемен
Азатстан

Жидебай батырдың 300 жылдығы

атаусыз қалуға тиіс емес

«Қартайдық, қайғы ойладық, ұлғайды арман» деп хакім Абай айтқандай, жас ұлғайғандықтан ба, әлде елдің сөзін ұстаған, көптің көкейіндегісін тауып жүрген кісінің бірі дей ме, әйтеуір, ел-елден, жер-жерден, шалғайдан маған әр түрлі тілек-өтініш хаттары келіп жатады. Қолымнан келгенше қол ұшын беруге, қолғабыс тигізуге тырысамын.

Ана бір жылы Ақтөбе облысынан елге қадірлі біраз ақсақалдар хат жолдап, атақты Мөңке бидің әкесі Тілеу батырдың атаусыз қалып бара жатқанына налып, кәпшіліктің кәңіл-күйін, әтінішін билікке жеткізуімді сұраған еді.

Сөз болып отырған Тілеу батыр, жарықтық, сонау Ақтөбеден он жеті мың қол жинап, баласы екеуі бастап, Сайрамды қорғауға қатысқан екен. Сол ұлы шайқаста Тілеу батырдың өзі де, баласы Жолдыаяқ та мерт болып, сарбаздарының үштен бірі қырылған екен. Тілеу батыр баласы екеуі Түркістанда жерленген. Бұл жайында кезінде мен «Егемен Қазақстанға» мақала жазып, Оңтүстік Қазақстан облысының әкімі Асқар Мырзахметов ініміз, Тәңір жарылқасын, біраз игілікті іс атқарды.

Өткен жылы Оңтүстік Қазақстан облысы, Бәйдібек ауданының он бірінші класс оқушысы Шахинұр Бақытбекқызынан торғайдай шырылдаған екі хат келді. Ол хаттарды да қыркүйек айында «Егемен Қазақстан» газетінде жарияладым.

Шахинұр Абайдың «Ескендір» поэмасын, 170 өлеңін, 45 қарасөзін, Шәкәрімнің «Қалқаман-Мамыр» поэмасын, 11 қарасөзін, 90 өлеңін жатқа біледі. Өткен жылы «Абай оқуларының» республикалық конкурсына қатысады. Абайдың кіндік қаны тамған, табаны тиген жерді кәріп бақыт құшағына бөленеді. Бірақ өзіне-өзі сеніп, бас бәйгені аламын деп барған бала үшінші орын алғанда, қатты налиды. «Абай елінде де әділетсіздік бар екен, аға» деп торғайдай шырылдап, менен араша сұрап, хат жазады. «Өттеген-ай, бала – болашағымыз ғой, болашаққа бірдей қарау керек еді ғой, әділеттен аттамау керек еді-ау, балаға әділетсіздік жасағаны жөн болмаған екен» деп мен де қиналдым.

«Егемендегі» сол мақаламда: «Жаһандану заманында ұлттың келешегі, тілі, тарихы, өнері, салт-дәстүрі не болар екен деп уайымдаймын. Ұлттың ойлау жүйесін, халқымыздың тұтастығын сақтап қалу үшін, жас дарындарды ұлттық дәстүрде тәрбиелеп-өсіру үшін Астанада «Абай» мектебі ашылса, оған ылғи дарынды балалар қабылданса, ерекше жағдай жасалса, сөйтіп кісіліктің, даналықтың, шешендіктің, көсемдіктің, ойшылдықтың озық дәстүрін қайта қалыптастырсақ. Өйткені, «Абай – Ұлы Дала мектебі, Ұлы Дала университеті, Ұлы Дала Академиясы» деп жазған едім. Содан бері талай уақыт өтті, бірақ селт еткен кісі болған жоқ. Елімізде Абай атындағы мектеп аз емес, өкініштісі – әлі Абай мектебі жоқ.

«Құдайға даусым жетпейді, билікке сөзім өтпейді» деп Ақселеу айтпақшы, бүгінде биліктегі інілеріміздің көбі естісе де, естімегендей, көрсе де, көрмейтіндей болды. Халықтан ешкім үлкен емес, көптің сөзіне құлақ түрген халықтың тілегі аяқсыз қалмағаны жөн.

Жақында Қарағанды облысы, Балқаш қаласының тұрғыны Тоқтамысов Әзірбайжанның көпшілік атынан жазған хатын алдым. Хатта атақты Жидебай батырдың биыл үш жүз жылдығы екенін, әлі күнге атаусыз келе жатқанын айтып, осыған орай қозғау салуымды сұрапты.

Айтса айтқандай-ақ, жан-тәнімен жерін қорғаған, ұлтты ұйыстырып, халқына пана, қорған болған елтұтқалардың аруағын ардақтаудың орнына, бүгінде өзді-өзіміз мерейтойлардың, әр түрлі қызықтың бәсекесімен әуестеніп кеткен тәріздіміз. Биыл Абылайдың үш жүз жылдығы, Төле бидің үш жүз елу жылдығы ойдағыдай өткізіледі деп үміт етіп жүрміз. Сондай ұлт мерекесінің бірі – Жидебай батырдың үш жүз жылдығы.

Жидебай Қожаназарұлы (1713-1815ж.ж.) – қазақ халқының даңқты әрі аруақты батыры, әбжіл шешен, аса ірі шежіреші, қазақ жерін жоңғар шапқыншыларынан азат етуде теңдесі жоқ ерлік көрсеткен қолбасшы, аса көрнекті мемлекет қайраткері, асқақ Абылайдың сенімді серігі, жауқарақ басы, пікірлес досы әрі биі. Абылайды ақ киізге отырғызып, хан көтеруге қатысқан кісі.

Жидебай батыр Аңырақай шайқасына, Қаншеңгел, Ақсүйек соғысына қатысып ерлік көрсеткен, Баян тауын, Ертіс маңын, Нұра бойын, Қарқаралы, Ұлытау, Ақмола, Балқашты азат еткенде – мыңбасы, Тарбағатай, Аягөз, Талдықорған, Құлжа, Алатау, Талғарды азат еткенде әскербасы болған. Талғар қаласы маңындағы Жидебай асуы, Абай қыстауындағы Жидебай қорығы осы батырдың атымен аталған.

Жидебай батырды ақындар жырына қосып, жыраулар дастан қып жырлаған, бүгінгі жазушыларымыздың біразының романдарына басты арқау болған. Ертай Құлсариевтің «Жидебай батыр» жыры, Нұршилан жыраудың «Нұршилан-Бәйеш» жыры, Үмбетей жыраудың, Тәшен ақынның жырлары, С.Сматовтың «Елім-ай» романы, Қ.Жүнісұлының «Құба белдер» трилогиясы, М.Баймұқановтың «Абылай заманы» романы, «Жидебай батыр» жинағы (2007) осы айтқандарымыздың куәсі.

Батыр бабамыз туралы «Бабалар сөзінде» (59 том), «Қазақ энциклопедиясында», Мәшһүр-Жүсіптің «Қазақ шежіресінде» (7 том), Ә.Бөкейхановтың, Ә.Марғұланнның, С.Дубиннің, Ю.Поповтың еңбектерінде кеңінен баяндалған. Адольф Янушкевич Жидебай батыр туралы, Шыңғыстаудағы Жидебай қыстауы жөнінде Құнанбайдан мол мағлұмат алған.

Қысқасы, Жидебай Қожаназарұлы – қазақ мемлекеттігін қалыптастыруда айрықша тер төккен, халқына қадірі асқан, туған жерін азат етуде ерлік көрсеткен, сөзімен елді аузына қаратқан, ісімен халқын ұйытқан өз заманының аса ірі тұлғасы, қазақ тарихының көрнекті қайраткері. Қаз дауысты Қазыбек бидің: «Замана өтпес болсайшы, Жидекем өлмес болсайшы» дейтіні де, халқымыздың: «Сарыарқадай жер қайда, Жидебайдай ер қайда?» дейтіні де сондықтан.

Қасиетті жерімізге, қала-даламызға Петропавл, Павлодар деп қазаққа еш қатысы жоқ қайдағы аттарды қойып, әспеттей берудің енді еш жөні жоқ. Қазақты ел қылған, қазақ елі үшін, қасиетті жері үшін бүкіл өмірін арнап, жанын қиған ұлы тұлғалардың есімін ардақтауымыз керек. Сондай ерлеріміз Абылай ханның, Жидебай батырдың биыл үш жүз жылдығы. Аруақ үшін, қазақ үшін, келешек үшін мораторий дегенді, болмашы тағы бірдеңелерді сылтауратпай, бұл тойларды халық мерекесіне айналдырып, мемлекет атынан ұлы батырлардың есімін мәңгі есте сақтау шараларын белгілеген жөн. Сонда ел де, аруақ та риза болады.

Мырзатай ЖОЛДАСБЕКОВ